



Солтан қожа Нұрмұхаммедұлы

Ж.СӘДУАҚАС

Ақкөл ауылынан қозы көш жерде, бүгінде жұртыған қалған Басқамыс ауылы болушы еді. Төсекіде малы, төсекте жаңы қосылған екі ауыл адамдары торқалы той, топырақты өлімде мидай арапасып жататын. «Апай зираты» деп атапын кеткен қорым да сол ауылдан алыс емес. Өліпер мекенинің бұлайша аталу себебін бала күнімізде сарытіс шалдардың аузынан естідік те. Зиратта Исаbek ишаның қызы Бәтима жерленген екен. Осы зиратта менің әкем Жәлел марқұм да тыныс тапқан. Қабіріне барып дұға бағыштау перзент парызы емес пе, сондайда анам Дәмет: «Әуелі Солтан ата шаңырағына соғып, Рапық қожага сәлем бер. Зиратқа сол кісі ертіп апарады». - деуші еді Ақкөлдегі

# Кия баспай Алланыш ақ жолынан...

дағы медреседе білімін толықтырады. Тәшім немересі Қайыrbай Зәкенұлынан естіген бұл дерек, әрине, нақтылауды қажет етеді. Қалай десек те, Солтан атанаң шаригатты өзге моллалардан көш ілгері білгеніне талас жоқ.

Қазақ даласына кеңес өкіметі орнап, елді ұжымдастыру саясаты жүргізілген тұста Солтан ата Ақжар, Ажы, Шідерті колхоздарының шаруашылық жұмыстарына араласады. Кейін тоғызыншы ауыл - Басқамысқа келіп орнығып, өмірінің соңына дейін осында тұрады.


Шолақ белсенділер «Дін-апиын» деп әкірендел, тыныштық бермесе де, сол заманда жұрт жасырып намаз оқып, ораза ұстап, Алланың хактығына шубе келтірмеген. Колхоз жылқысын баққан Солтан ата аңдыған көз барына қарамастан, діни ресімдерді атқарып, төнірекке имандылық шуағын шашқан, бойына дарыған қасиет күшімен аурусырқау, кем-кетік адамдарға шарапатын тигізген. Ерекше қасиет Солтан атанаң өзін де қауіп-қатерден аман алып қалыпты.

- Әкем бір жолы біраз жылқыдан айрылып қалады. Из кесіп, іздел тапса, жоғалған жылқылар белуардан сорға батып түр екен. Мұны көрген он көмек сұрау үшін ауылға шауып келіп, болған жайты колхоз тәрағасына атады. Әгербақан мінезді бастық атады.

қ о л ы н д а f y  
бүтін дәнді  
бөліп жеуді,  
жарты дәнді  
жарып жеуді  
құйып, ізгілікті  
еzi де көрсете  
біліпті. Колхоз  
құрманында  
кузетші болып  
жүргенінде  
бастықтарға  
аңдатпай ба-

лалардың қалтасына бір уыс бидай салып жібереді екен. Ашаққан отбасына ол да өзек жалғар азық емес пе?!

Тұрмыс ауыр болса да, қазақтың қонақжай пейілі ешқашан тарылмаған. Ұмырт түсіп, ақшам жамырағанда Басқамыс ауылының жас-көрісі Солтан ата үйінен табылуши еди. Құпия ұсталатын діни кітаптар оқылып, шаригат жолы айттылып, балалар құран сүрелерін жаттайтын. Солтан ата балалардың ыждағатты болуын қадағалап, жаттағанын қайталатып тексереді екен. Заман аужайын болжай білген ата діни оқуға ғана емес, басқа да ғылым мен білімге құлышты болуды айттып отыратын көрінеді. Рапық қожаның айтуынша, Семей педагогикалық институтында қызмет істеген Бөгембай батыр үрпағы Тұрсынбай Ералы баласына арабша хат жазыпты. Хатында Алғамбар



Солтан ата кесенесі

Әкпарат халфе, Құсниден молламен аралас-құралас болып, сыйласып күн кешкен. Айлардың сұлтанды - Ораза айы өткен соң Солтан қожа ел-жұрт берген садақаны Керекудегі мешітке өткізіп жүріпті.

- Кереку қаласына жолы түскенде, онда бір аптадай болып, жұма намазына қатысушы еди. Рахметолла имам, Үсқақ хазірет, Құсыбай имамның үйінде қонақ болып жүрді. Бір жолы Құсыбай имам Солтан атана намаздан соң жолаушылай келген адаммен таныстыруды. Сол жолы атам әлгі адамнан Сәкен халфе Фылманиға сәлемдеме беріп жіберді. Атам Сәкен хазіретті бұрыннан біледі екен, - деп еске алады Солаш Сәлімов ақсақал.

Көзі тірісінде Ақкөл Жайылманың абызына айналған Мұхаммедсолтан қожа 1962 жылы тамыз айында бақылыш

үйімізден шығарда. Анамның айтқанын булжытпай орындал, алдымен ат басын Солтан ата үйіне тіреліміз. Саман кірпіштен салынған, ауласында үйені мен терек аралас есken ордалы үй көзімізге жылышырай кетеді. Қасиетті қожалар шаңырағының босағасынан аттаған сәтте-ақ адамды ерекше сезім билеп, ішкі жан дүниен рахаттанып сала береді. Тіптен, үй ішіндегі ауа да бөлек көрінеді. Отагасы Рапық қожа мен отанасы Бақытылы апайдың іші-бауырына кірген жылы сезің көnlінді жадыратып жібереді. Сары бауырсақты үрт томпайта жеп, қою шай ішіп дастархан басында отырғанда Рапық қожа: «Әлі-ақ азамат болып кетесің, Алла жеткізеді. Әкең өмірден ерте өтті ғой. Солтан атаң солай боларын біліп еді, бірақ өзіне айта алмады», - деп шетін әңгіме шетін шығарды.

- Қалайша? - дедім мен ынтығып.

- Әкең Жәлел де осы үйде болған. Солтан атаңмен әңгімелесіп, бата беруін сұраған. Кісі көnlін қалдырмайтын менің әкем: «Өркениң ессін!» - деп, жылы сезімен шығарып салды. Алайда Жәлел аттанып кеткен соң, атанаң қабағы түсіп, «Батылым бармады. Өмірі қысқа болады. Шиеттей балаларының қызығын көре алмайды-ау!» - деп, өз-өзінен күбірлеп, қолына тасбиғын алғып санамалауға кіріскең еді...

Рапық қожаның ішке бүккен әңгімесі көnlімді алай-дүлей етті. Кейін сабыр тапқан соң, Солтан атанаң сұнғыла көрегендігін ойлап, қайран қалып жүрдім.

... Солтан атанаң азан шақырылып қойылған аты Мухаммедсолтан екен. Қасиетті ата 1896 жылы өмірге келіпти. Діни сауатын Жанқозы қажы баласы Нұрқай молладан ашқаны белгілі. Төңкерістен бұрын Басқамыс пен Қарақоға елді мекендері ортасында мешіт пен мектесе болған. Оны осы төңіректегі дәүлетті байлар Бекіш пен Бұланбай (менің арғы атам - автор) салдырған көрінеді. Осьдан бірнеше жыл бұрын Қарақоға ауылы тұмасты Дәүлет атты азамат мешіт орнына белгітас орнатқаның да айта кету ләзім.

Солтан қожа жас жігіт күнінде Уфа-



*Солтан ата баласы Рапық қожа әулеті*

ны балағаттап, «сottтатамын» деп зіркілдейді. Төрениң бұл түрінен түңілген әкем кері шабады. Аттан түсіп, Құдайға сыйынып, күбірлеп дұғасын оқиды да, сорға түседі. Сонда Жаратқан иеміз күш-куат беріп, әкем жылқыларды бір-бірлеп сордан шығарып алады. Ашуы тарқаган соң, колхоз жылқысы батпаққа батып елсе, өзі де сорлайтын үққан бастық қасына кісі жып сор басына жетеді. Келсе, сауыры салтақ-салтақ жылқы аман, балағы түрік Солтан ата жағада отыр екен. Мұны көргенде қайран болған бастық: «Қалай шығарып алдың?» - дәмей ме, сонда: «Бір Алла жердем берді» - депті әкем.

Бүтінде жасы жетпіс бескес толған Рапық қожаның айтуышына, әкесіне тіл жарақатын салған сол бастық кешкісін дірілдеп-қалшылдап жатып қалыпты. Зәресі үшқан ол Солтан қожаға кісі жіберіпти. «Жамандыққа жамандық әр адамның қолынан келеді, жамандыққа жақсылық нар адамның қолынан келеді» деген емес пе, алды кең Солтан ата әлгінің сүйектен өтер сезін кек тұттай, үйіне барып үшкіргенінде сауығып кетіпти.

Жалпақ жүрттың қамын ойлап жүретін жарықтық үлкен-кішінің құлағына

қожа баласы Қажыбек пен Ахмет баласы Кенжетайға бас-көз болуын өтініпти. Кейін бұл екі азамат адал қызметімен ел-жүртқа пайдасын тигізді.

«Батамен ер көгереді» деп, қазақ батага айрыша мән береді. Солтан ата үйі де алыс-жақыннан келген адамнан арылмайды екен. Жауырыны жерге тимеген мықты палуан Монтай Әбдәлімов жарысқа жүрер алдында қожаның басын алуға келіпти. «Сырынды ашпасан, абыройлы ораларсың», - дейді Солтан ата палуан жігітке. Жарысқа ол пойыз-бен аттанады. Жол үстінде бір жігітпен танысып, өзінің палуан екенін, күрсекенде қандай айла-тәсілді қолданатының жайып салады. Қаперінде дөнене жоқ ақкөніп, салдырлаған Монтай аға әлгі кездейсоқ танысымен екі күннен кейін бозқілем үстінде белдеседі де, үтылып қалады. Сонда ғана Солтан атанаң: «Сырынды ашпасан, абыройлы ораларсың» деген түспал сезінің парқын үғып, екініштен бармағын шайнапты.

Қызыл өкіметтөн қысым көріп, дін жолы жінішкеген заманда да діндар, ғұлама адамдар бір шоғыр болып топтасып, шер тарқатып, Алла сезін үағыздаудың амалын ақылдасқаны анық. Солтан ата Арқаға аты мәлім

болады. Қазаға Омбыдан, Ақмола мен Павлодар облыстарынан қарақұрым халық жиналады. Жана-засын Әкпар халфе шығарыпты, Павлодар мешіті имамы Құсыбай ташпиқ тартып, И брагимұлы Құсниден молла қырық күн дұға оқыпты.

Солтан ата мен бәйбішесі Жамали Серғазықызы Құлла, Рапық, Барбар, Әкбар атты төрт үл сүйген.

Солтан ата баласы Рапық қожа қазір Екібастұз қаласында тұрып жатыр. Бәйбішесі Бақытылы Айдарханызы екеуі он перзент есіріп, немере-жиендер сүйген іргелі әулет. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін ислам дініне даңғыл жол ашылып, ел азаматтарының бас болуымен Ақкел Жайылма қожаларын есте қалдыру шаралары жүзеге аса бастады. Тай (Өлеңті) ауылында салынған мешітке Солтан қожа аты берілді, өткен күзде Басқамыстағы ата үйінің орны қоршалып, белгітас қойылды. Тастанақта Қассерік Жәлелұлының:

*- Біледі Жайылма елі, көзі көрген, Қысылғанға қарасып, тонын берген. Заты асыл, қасиетті Солтан ата, Ұағыз айтып, соңынан жұртты өрген. Шертейік ел аузынан бір баянын, Жария етіп жұрттына тұс-аянын. Солтан ата дүниеден өтерінде, Ұстатқан Жандарбекке құт таяғын, - деген екі шумақ өлеңі қашап жазылған.*

Биыл жазда өулиенің күмбезді кесенесі өтеді. Атқарылған иғі істер қасиетті Солтан атанаң төңіректегі елге тигізген көл-көсір шарапатының бір тамшысына татымаса да, аға буын да, жас буын да арқасынан бір жұқ түскендей женілдеп қалды.